

ӘОЖ 330.322

Ж.М. Маханова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

E-mail: zh_mahnova@mail.ru

Инвестицияларды экономикаға тарту механизмі және мемлекеттік реттеу бағыттары

Аңдатпа. Мақалада экономикаға инвестициялар тарту механизмі және мемлекеттік реттеу бағыттары қарастырылған. Инновациялық қызметті тиімді мемлекеттік реттеу арқылы ұзақ мерзімді және тұрақты экономикалық өсуге жетеді. Инвестициялық саясатты тиімді жүзеге асыру инвестициялық қызметті реттеудің әдістерімен анықталатыны белгілі.

Түйін сөздер: инвестицияларды тарту, мемлекеттік реттеу, инновациялық қызмет, инвестициялық саясат.

Нарықтық қатынастардың қалыптасуы кезеңінде экономиканы инвестициялау үрдісін реттеуде басты рөл мемлекетке беріледі, ол өзінің мақсатты бағытталған саясатымен сол үрдісті ынталандырады [1].

Инвестициялық саясатты мемлекеттік реттеу – инвестициялық белсенділікті және экономикалық өсуді ынталандыру үшін мемлекеттік басқару органдарымен жүзеге асырылатын құқықтық, орындаушылық, бақылаушы сипаттағы шаралар жүйесі. Мемлекеттік инвестициялық реттеуді макроэкономикалық тұрақтану және экономикалық өсу мақсатында инвестициялық нарық қатысушыларына тікелей және жанама ықпал ету түрлері мен әдістерін мемлекетпен мақсатты және бірізді қолдану үрдісін түсіну қажет.

Инвестициялық саясаттағы мемлекеттің белсенді позициясы экономикаға инвестиция көлемін арттыру үшін мүмкіндік жасайды, түпкі мақсаты – жоғары қосылған құны бар өндірісті дамытудың, әртүрлі қаржы құралдарын дамытуды ынталандыру жолымен, өтімді қаражатты өнеркәсіптік мақсаттарға сәйкес пайдалану үшін тетіктерді іске қосуға мүмкіндік береді. Инвестициялық саясатқа мемлекет белсенді түрде араласпаса, экономиканың өндіруші салаларының басым түсуі одан әрі жалғаса беретін болады. Елдің болашағы оның табиғи ресурстар қорының мөлшеріне тәуелді болып қалады. Тиісті мемлекеттік бақылау болмаса капиталдың жылыстау процесі жалғаса беретін болады, қазіргі ішкі инвесторлардың қаржылық мүмкіндіктерінің шектеулілігіне байланысты қор нарығы шетелдік инвесторлардың ықпалында қалып қоюы мүмкін [2].

Мемлекеттің инвестициялық қызметке тікелей қатынасуы:

1. Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын инвестициялық жобаларды жасау, бекіту және қаржыландыру.

2. Құрылыс тізімін жасау және оларды мемлекеттік бюджеттен қаржыландыру.

3. Мемлекеттік бюджеттің есебінен инвестициялық жобалар бойынша конкурстық негізде мемлекеттік кепілдер беру.

4. Инвестициялық жобаларды қаржыландыру үшін мемлекеттік бюджеттің қаржыларын конкурстық негізде ұсыну.

5. Инвестициялық жобалардың сараптама-сын жүргізу.

6. Стандарттарды жасау және бекіту, олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыру [3].

Инвестиция аясында мемлекеттің жаңа функциялары мыналар болып табылады:

- елдің экономикалық дамуының басымдылықтарын анықтау;

- мемлекеттік инвестициялық бағдарламаларды және басымдылықтарды, инвестициялық жобаларының тізімін дайындау;

- орталықтанған мемлекеттік инвестициялық қорлардың тиімді бөлінуін және алғашқы кезектегі басымдылықтарды қолдану және мемлекеттің кейінге қалдырылмайтын қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін үкіметтің іс-әрекеттерінің оңтайлы дәйектілігін қамтамасыз ету;

- ұлттық экономикаға капитал ағымын және оның басымдылықты аяларға, өндіріс облыстарға еркін құйылуын қамтамасыз ететін қолайлы инвестициялық климатты құру [4].



1-сурет – Инвестициялық қызметті мемлекеттік реттеу әдістері [5]

Инвестициялық белсенділікті жандандыру үшін мемлекеттік реттеу шараларының жүйесі қажет, ол келесілерді қамтуы тиіс:

1. Мемлекеттік және жеке меншік инвестицияларды орынды пайдалану, мемлекеттік инвестициялық бағдарламаларды құру механизмін жетілдіру.

2. Экономикадағы ұдайы өндірістік үдерістерді қалпына келтіру және отандық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін көтеру мақсатында инвестициялық қызметтің нақты бағыттарын анықтау.

3. Құнды қағаздар нарығының дамуына және жиналымдардың инвестицияға трансформацияланудың тиімді жүйесін құруға мемлекет тарапынан әрекет жасау.

4. Банктердің экономиканың нақты секторына инвестициялық бағытын күшейту мақсатында банк жүйесін қайта ұйымдастыру.

5. Өндіріс саласына бағытталып жатқан инвестицияларды кепілдеудің тиімді жүйесін құру бойынша жұмысты жалғастыру.

6. Инвестициялық салымдарға кәсіпорының жеке қаражаттарын көбейту үшін инновациялық саясатты жетілдіру [4].

Инвестициялық үрдістерді ынталандырудың мемлекеттік шаралары жергілікті және жоғарғы билік органдарының ынталандырушы шараларынан қалыптасады. Олардың өзара ықпал ету дәрежесі мемлекеттік инвестициялық саясаттың тиімділігін анықтайды.

Инвесторларға қолайлы жағдай туғызу мақсатында үкімет тарапынан ынталандырудың үш қадамы ұсынылған:

1. Бизнесті жүргізу және инвестиция құюға тартымды ететін елдің имиджін қалыптастыру.

2. Арнайы экономикалық аймақтарды құру, қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз етуді қосқанда, инвесторларға түрлі жеңілдіктер мен преференциялар ұсыну.

3. Трансұлттық компаниялар үшін фискалдық, қаржылық және қаржылық емес механизмдер арқылы оңтайлы жағдай құру [1].

Инвестициялар ағымын ынталандыру бойынша шаралар жүйесі келесілерді қамтуы керек:

- облыс әкімшілігімен неғұрлым маңызды және әлеуметтік маңызы зор жобаларды бөліп алу арқылы отандық және шетелдік инвестицияларды тартудың аймақтық бағдарламаларының жасалуы; инвестициялық жобалар деңгейін халықаралық стандарттарға жеткізу; бағдарламалардың үнемі орындалуына мониторинг жүргізу; бағдарламалармен кеңінен танысу және олардың жергілікті іскерлік айналамен орындалуы, бағдарламалардағы қателерді жою және олардың оңтайлы бағыттарын күшейту бойынша әсер ететін шараларды қабылдаумен шетел банктері мен бизнесмендерін таныстыру; отандық және шетел инвестицияларын ынталандыру мақсатында жыл сайын аймақтық конференциялар өткізу;

- инвестициялық жобаларды сыртқы нарыққа жылжытуда, халықаралық инвестициялық көрмелер мен форумдарда жобаларды көрсетуді ұйымдастыруда республика мен облыс әкімшілігінің бірігіп күш жұмсауы;

- жергілікті атқарушы билік органдарымен өндірістің өңдеуші салаларына шетел инвести-

цияларын белсенді тарту бойынша шаралар жоспарының жасап шығарылуы, атаулы жоспарлардың орындалуы бойынша мониторингті қамтамасыз ету;

- республика мен аймақтарда бос қаржы ресурстары мен шетел банктерін тарту арқылы инвестициялық несиелерді бере алатын, экспорттық-импорттық операцияларға қызмет көрсететін және несиелейтін қаржы институттарын дамыту;

- тиесілі жылжымайтын мүлік пен басқа да мүлік кепілімен қамтамасыз етілген облыс әкімшілігінің тікелей кепілін беру түріндегі инвестицияларды сақтандыру жүйесін, аймақ әкімшілігінің капиталға қатысуымен аймақтық сақтандыру қорларын құруды қалыптастыру;

- аймақ әкімшілігі капиталға қатыса алатын аймақтық аманат қорларының мүлкімен сақтандыруды қамтамасыз ету;

- өндірістік және өндірістік емес жаңа объектілердің құрылысына пайданы қайта инвестициялау кезінде сәйкес келген сома мөлшеріне салық салынатын пайда көлемінің азаюы;

- аймақтық әкімшіліктерге әдістемелік жәрдем көрсету, соның ішінде шетел инвесторлары мен отандық шаруашылық субъектілерін ақпараттық кеңестік қамтамасыз ету, субъектілерді шетелдерде капиталды орналастыруға тартымды орын ретінде таныстыру бойынша жұмыс жүргізе отырып, атаулы аймақ бойынша мәліметтер базасын құру [4].

Сонымен, түрлі экономикалық жағдайда әртүрлі мемлекетте инвестициялық қаржыны тарту жолымен экономикалық дағдарыстан өту мен экономикалық өсуді қамтамасыз етудің бірнеше базалық механизмдері анықталды, нақтырақ айтқанда:

1. Жинақтарды аккумуляциялау мен оларды жеке меншік банктер арқылы инвестицияға трансформациялау. Жапония, Германия сияқты елдерде банктердің рөлі инвестициялық үрдістерді ұйымдастыруда маңызды болып келеді. Коммерциялық банктер мен өндірістік кәсіпорындардың өзара әрекеттесуінің кең таралған түрі болып өнеркәсіптік-қаржы топтары табылады. Бұр топқа кіретін банктер мен кәсіпорындар жеке меншік қатынастары арқылы айқаса акционерлеу немесе ортақ меншіктері арқылы байланысады, бұл қаражаттардың өндіріске тиімді құйылуын қамтамасыз етеді. Мұндай механизм экономикалық өсудің неғұрлым болашағы бар бағыттарына жиналымдар мен шоғырланудың жоғары деңгейін қамтамасыз етеді, сәйкес келген өнеркәсіптік-қаржы топ-

тарының кеңейтілген өндірісінің жоғарғы қарқындылығын қамтамасыз етеді. Өсіп келе жатқан табыс өндірісті кеңейтуге және өнімнің дүниежүзілік нарыққа шығуы үшін сапасын жақсартуға қайта жұмсалып отырады. Ондай механизм соғыстан кейін АҚШ, Германия және Жапония экономикасының белсенді жаңалануына, қайта көтерілуіне және өсуіне, сонымен қатар Оңтүстік Корея және басқа да өнеркәсіптік мемлекеттердің табысты дамуына септігін тигізді.

2. Келесі механизм дербес шаруашылық субъектілерді несиелеуге негізделген, бұл қаражаттардың аккумуляциясын және олардың пайыз мөлшерлемелері бойынша қамтамасыз етуге жеке және заңды тұлғаларға берілетін несиеге трансформациялануын қарастырады. Сонымен бірге инвестициялық шешімдер тәуекелдерін кәсіпорындар, мемлекеттік институттар, сақтандыру компаниялары және қаржы жүйесінің басқа да мамандандырылған субъектілері артады. Атаулы механизмнің сенімділігі құрылымды дағдарыстар мен қате қабылданған инвестициялық шешімдерге тәуелді болып келеді. Дүниежүзілік тәжірибеде ол экономикасы (қаржы нарығы дамыған және ұзақ мерзімді және тәуекелі жоғары инвестициялық жобаларды қолдау институттары қамтылған) тұрақты дамыған мемлекеттерде, былайша айтқанда, «үлкен жетілік» мемлекеттерінде қолданылады. Берілген механизмнің қызмет ету шарты болып ірі инвестициялық жобаларды несиелеуге арзан және «ұзақ» ақша қаражаттарын ұсына алатын қаржы институттарында (зейнетақы қорларында, сақтандыру және инвестициялық компанияларды) ірі ресурстардың болуы танылады.

3. Даму институттары ретінде қызмет атқаратын мемлекеттік инвестициялық банктер арқылы экономикалық өсудің приоритетті бағыттарын іске асыруды инвестициялық қолдау. Бұл банктер қоғам мүддесінен шығып, қолдауды талап ететін, мемлекетпен приоритеттілердің қатарына жатқызылатын шаруашылық қызмет түрлері немесе белгілі бағыттарда инвестицияларды төмен пайызбен мақсатты түрде несиелейді. Әдетте ондай банктердің қолдауы Орталық банк несиелеріне қол жеткізу түрінде іске асырылады. Мұндай механизм жеке меншік банктердің әлсіздігі мен дамусыз қалған қаржы нарығы жағдайында қызмет ете алады. Ол соғыстан кейінгі уақытта Жапонияда, ал біздің заманымызда Қытайда, Үндістанда, Бразилияда тиімді қолданылған. Мемлекеттік инвестициялық банк арқылы экономикалық өсудің приоритетті бағыттарды

іске асыруды инвестициялық қолдаудың екі негізгі түрін ажыратуға болады. Бірінші түрінің маңызы «арзан» ақша қаражаттарын қолдану үшін ерекше құқықтардың берілуіне негізделеді.

4. Даму институттарын Орталық банкпен қайта қаржыландыру механизмі. Атаулы механизмнің ерекшелігі мемлекеттік даму банкі арқылы капитал салымдарын өндірістік игеру мүмкіндіктері мен ақша ұсыныстарының тепе-теңдігінен тұрады. Сонымен қатар инвестициялық жобаларды енгізу есебінен өнім өсіміне деген сұраудың болжам бағалары да есепке алынады. Мұндай механизм Үндістанда, Қытайда іске асырылады. Мысалы, Қытай Халық Банкі үш инвестициялық банкті (Мемлекеттік даму банкі, Эксимбанк, Ауылшаруашылығын дамыту банкі) қайта қаржыландырады. Инвестициялық үрдістерге қызмет көрсететін дамыған нарықтық инфрақұрылымы жоқ экономикадағы жиналымдар көлемінен инвестициялардың жоғарғы өсу қарқынын дербес қамтамасыз ету қабілеттігінен атаулы механизмнің ерекшелігін көре аламыз. Сонымен бірге мұның кемшіліктері бар. Бұл ретте әлеуметтік-экономикалық дамуды болжау мен жоспарлаудың тиімді жүйесі қажет және де несие ресурстарын мақсатсыз пайдалануының алдын алудың сенімді шаралары қажет, себебі қате қабылданған инвестициялық шешімдердің салдарынан қайтарылмаған несие тәуекелдерінің деңгейі және де инвестициялық белсенділіктің приоритетті бағыттарын дұрыс таңдамау тәуекелі де өсіп кетуі мүмкін.

5. Экономикасы дамыған мемлекеттерде инвестициялық белсенділікті қамтамасыз етудің

маңызды механизмі қор нарығы болып табылады. Баршамызға белгілі болғандай, ол инвестор мен инвестициялау объектісі арасындағы байланысты қамтамасыз етеді. Қор нарығының ресурстық базасын азаматтардың үлкен жинақ көлемдері құрайды. Олардың жетіспеушілігі қор тұрақсыздығына себепкер болады, өйткені инвестициялау мүмкіндігін тек ірі салушылар ала алады да, соның салдарынан олар баға динамикасына ықпал ете алады, сөйтіп, алып-сатарлық операцияларға жол береді [6].

Әдебиеттер

1. Түлеубаева М.К. ҚР инвестициялық іс-әрекетті мемлекетпен реттеу // ҚазҰУ хабаршысы. – №6. – Алматы, 2003.
2. Сулейменов Д. Вопросы регулирования инвестиционного процесса // Транзитная экономика. – №6. – Алматы, 2004.
3. Андреева Ж.М. Совершенствование механизма государственного регулирования инвестиций в экономической деятельности Республики Казахстан: Автореферат. – Туркестан, 2008.
4. Түзубекова М.Қ. ҚР инвестициялық үдерісті жетілдіру (Қарағанды облысы мысалында): кандидаттық диссертация. – Астана: Қазақ гуманитарлық заң университеті, 2008.
5. Пралиева С.Ж. ҚР инвестициялық қызметтің қалыптасуы мен дамуы: ерекшеліктері және мәселелері: кандидаттық диссертация. – Алматы: Тұран университеті, 2008.
6. Ложникова А.В. Инвестиционные механизмы в реальной экономике. – М., 2001.

Ж.М. Маханова

Механизм привлечения инвестиций в экономику и направления государственного регулирования

В статье рассматриваются механизмы привлечения инвестиций в экономику и направления государственного регулирования. Долговременный и устойчивый экономический рост достигается при эффективном государственном регулировании инвестиционной деятельности. Известно, что успешная реализация инвестиционной политики определяется методами государственного регулирования инвестиционной деятельности.

Ключевые слова: привлечение инвестиций, государственное регулирование, инновационная деятельность, инвестиционная политика

Zh.M. Makhanova

The mechanism of attracting investment into the economy and the direction of state regulation

In article it is considered the mechanisms of attraction investment into economy and the directions of government regulation. Long-term and steady economic growth is reached at effective state regulation of investment activities. It is known that the successful realization of investment policy is defined by methods of state regulation of investment activities.

Keywords: attraction of investments, state regulation, innovative activity, investment policy.